

кретными целями обучения дает множество конкретных форм организации учебно-воспитательной работы: урок, семинар, лекции, практические и лабораторные работы, кружковые, факультативные занятия, консультации, зачеты, экзамены. Особенно активным методом работы на уроке являются: деловая игра, защита творческих проектов, путешествие.

На внеклассных мероприятиях учащиеся защищают проекты: «Люби и охраняй свой край», «Моя малая родина»...

Процесс обучения осуществляется в условиях постоянного активного взаимодействия всех учащихся. Ученик и учитель являются равноправными субъектами обучения. Исключается доминирование какого-либо участника процесса. Это учит гуманному, демократическому подходу к модели. Интерактивная модель ставит своей целью организацию комфортных условий обучения, при которых все ученики активно взаимодействуют между собой, предполагает моделирование жизненных ситуаций, использование ролевых игр, совместное решение вопросов на основании анализа обстоятельств и ситуаций. Конечно же, структура интерактивного урока будет отличаться от структуры обычного урока. Это требует профессионализма и опыта преподавателя. Поэтому в структуру урока включаются только элементы интерактивной модели обучения – конкретные приемы и методы, позволяющие сделать урок необычным, насыщенным, интересным. Интерактивные технологии позволяют включать в учебный процесс мотивационную сферу ученика.

Формы работы: работа в малых группах, в парах, ротационные (сменные) тройки. Методы: «карусель», «аквариум», «незаконченное предложение», «круглый стол», «мозговой штурм», «броуновское движение», «дерево решений», метод проектов, ролевая (деловая) игра: «займи позицию», дискуссия, дебаты. Использование технологии мультимедиа, Интернет-технологий. Интерактивную работу можно применять и на уроках усвоения материала, и на уроках по применению знаний, на специальных уроках, а также делать ее вместо опроса и обобщения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Рогова Г.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку. – М.: Просвещение, 1998. – С. 28-29.
2. Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан // «12-летнее образование». – 2006. – №8.
3. Бабинский Ю.К. Педагогика. – М.: Просвещение, 1983.
4. Владимирова Л.П. Интернет на уроках иностранного языка // ИЯШ. – 2002. – №3. – С. 39.
5. Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативно-го обучения иностранному языку // ИЯШ. – 2000. – №4. – С. 19-14.
6. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. – М.: Просвещение, 1988.

ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Кульбаева М.М.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Қазақ поэзиясы және қазақ поэзиясы тілінің тарихы, оны тұтынушы халықтың халық болып қалыптасу дәуірі – XV-XVI ғасырдан басталса да, оның негіздері бұған дейінгі дәуірлерде жатыр. Өйткені XV-XVI ғасырдағы халықтың бұл дәуірге дейінгі шығармаларынсыз дүниеге келген жоқ. Бұл – даусыз шындық. Бұл дәуір поэзиясы қазақ атымен аталатын әдебиеттің өзге туыстас түрік халықтары әдебиетімен бірдей еншілестік ортақ арналары болып табылады. Тарих неден басталса ой барысы да содан басталуы керек. Осы реттен келгенде, түркі халықтарында ең ежелгі жазба мәдениет V-VIII ғасырдан қалған орхон-енисей жазуларынан басталады. Бұл ескерткіштер – түркі халықтарының тарихи белгілі сөз мәдениетінің басы. Бұлардың ішінде мазмұн жағынан күрделі көлем жағынан мол ескерткіштер – «Күлтегін мен Тоңкөк». Бұлар «мен» арқылы баяндалатын шежіре, қағандар мен алыптардың, қаған қасындағы білгелердің (сәуегей шешендердің) жорықтары мен ел басқару ісін баяндайтын шежіре. Ал осы шежіреде Сыпыра жырауша, Асан қайғыша шешен сөйлеп кету, толғап кету, мақалдап кету бар. Яғни XV ғасырдағы ерлік-батырлық жыр-өлеңдерді шығарушылар сияқты «мен»-нің тасасында тұрып айтушы – шежіреші бар. Осы сөз үлгілерінің ішінде XV ғасырдан кейінгі дәуірде қазақ поэзиясын құраған сөз үлгілеріне өзінің нақты стильдік-тілдік тәсілдері жағынан жақын келетіндері бар. Сол сияқты мұндай сөз үлгілері XI ғасырдан қалған ескерткіш – «Дивану лұғат-ит түрkte»

де бар. Олар: шешендік сөз, шешендік толғау сөз, мақтау мазмұндас жоқтау-арнау өлеңдер. Дидактикалық мазмұндағы мақал сөз, шешендік сөз, мақтау үлгілеріндегі жоқтау-арнау өлең өзара тарихи байланысы жоқ әр дәуір әдебиетінде де, түрлі халықтар әдебиетінде де бола береді. Сондықтан да байланыстылықты жалаң мазмұн бірлігіне, жеке сөздерге құру шатастырады. Өзара байланыстылықты мазмұндық бірлік пен модельдік (стильдік-тілдік) бірлік ізінің қатар байланыстылығына құру керек.

Елдікті, ерлікті, бірлікті жырлау, оны уағыздау, мақтан ету – сонау ықылым заманнан бар дәстүр. Түркі халықтарының тарихы белгілі сөз мәдениетінің басы Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазуларға үңілсек:

Он жасында інім Күлтегін ер атағын алды..

Он алты жасқа келгенде,

Чача сенуімен айқастық...

Күлтегін жиырма алты жасқа келгенде

Қырғызға қарсы аттандық.... [1, 50-56] деген жолдарды көреміз. Жырдың авторы

Иоллық тегін Күлтегіннің ерлік істерін термелей айтып, оның Қырғыздарды жеңгенін, одан кейін түргештерді де бағындырғанын мадақ етеді. Бұл жолдардан терме үлгісін көруге болады. Сондай-ақ, жыр авторының Күлтегіннің жасын шамалай отырып айтуы жырға екпін беріп, әсерлендіріп, күш-қуатын арттырып тұрғанын да аңғарту қиын емес. Осы дәстүрді, осы үлгіні одан кейінгі батырлар жырларынан да байқаймыз:

Алты жасқа келгенде

Арыстан туған Қобылан

Қазнадан қамқа киеді

Өзімнің еншім болсын деп,

Жобылғы меңді торы атты

Енші қылып мінеді.

Қобыландының тілегін

Бүкіл қыпшақ тіледі....[2,16]

«Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Ер Қосай», «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары», «Қарабек батыр», «Ақжонасула Ер Кеңес» т.б. батырлар жырларында, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет т.б. жыраулар жырларында да бұл дәстүр бәсеңдемейді. «XV – XVIII ғасырларда қазақ қоғамы мен тарихы үшін елді қорғау, жауға тойтарыс беру аса маңызды саналады. Бұл кезде қазақ фольклорының барлық жанрынан батырлар жыры маңызды болды, оның тәрбиелік, идеологиялық қызметі артты»[3,20]. Доспамбет жырау:

Екі арыстан жау шапса

Қол қылқандай шаншылар.

Қан жусандай егілсе,

Аққан судай төгілсе,

Бетегелі Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес, – деп ел үшін мерт болу мәрттік, батырлықты білдіретін, ол екіншісіз өлім екенін айтса, Ақтамберді жырау:

Балаларыма өсиет:

Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айрылма,

Бірлікте бар қасиет, – дейді.

Нақыл сөздерді халық санасына сіңіре түсу үшін жинақтап, топтап, басын қосып, түйдектетіп беру ақын жыраулар поэзиясында ертеден бар дәстүр «XI ғасырда М.Қашғари сөздігіне кірген дидактикалық мазмұндағы терме-толғау өлеңдерді жазба әдебиеті еркін, жалпылық сипатта дамыған түркі халықтары кейінгі дәуірлерде дәстүрлі түрде жалғастырып өкетті» дейді Қ.Өмірәлиев [4, 80]. XI ғасырда М.Қашғари жинаған ауызша поэзия үлгілері жанр жағынан әр алуан. Олар табиғат, тұрмыс-салт, ерлік-жорық, өсиет-үгіт сипаттас болып келеді. М.Қашғари «Сөздігінде» біздің ауызша поэзиямызға жақын тұрған өлең үлгілері бар. Олар – жоқтау өлеңдер. М.Қашғари заманындағы жоқтау өлең жасауда жұмсалысқа түскен – ған формасы, яғни –ған формасымен келетін өлең үлгісі содан бергі дәуірлерде барша жоқтау өлеңдерге тән ортақ тәсіл болып қойған жоқ, мұның өзі батырлық өлең-жырлар мен азаматтық мотивтегі өлеңдер үшін де ортақ тәсіл болды. Біз бұл форманы XV ғасыр мен XIX ғасыр арасындағы қазақ поэзиясынан өте көп кездестіреміз.

I. Эпостық – ерлік жырларда кездесуі:

Дус тоқсан екі жасаған,

Қаздық етін асаған

Өз темір үйде жоқ болды

Қос-қос пышақ асынған. («Желкілдек») [5,102].

II. Тұрмыстық поэзияда (жоқтау өлеңдерде) кездесуі:

Жеті жасқа келгенде

Жетуп қиял ойлаған,

*Ойға келген қиялын
Печ бітурмей қоймаған,
Сегіз жасқа келгенде
Серпіліп адам ұлы батпаған («Әділ сұлтанды анасының жоқтағаны») [6,25].
Есіктен қабан ақыртқан
Төріне сұңқар шақыртқан
Қара арғымақ қатырған
Қара лашын шақырған
Көк бесті мініп көп жортқан
Көк бөрідей түн қатқан («Арғын Дәулет ақынның жоқтауы») [7, 193].*

Зерттеліп отырған ғасырлар әдебиетіндегі негізгі жүкті көтерген – жыраулар болды. Жыраулардың ең сүйікті жанры толғау еді. Толғауларда жырау өзінің өмір, болмыс жайлы ойларын, замана жайлы түйгендерін айтады, белгілі оқиғаларға көзқарасын білдіреді. Толғауларда жырау – ең алдымен философ. Жыраулардың толғауларында кездесетін афористік сөздердің көбі мақал-мәтелдерге айналып кеткен. Толғауларда жырау сол кездегі өтіп жатқан оқиға, әрекетті суреттеп, өз қатынасын білдіріп, яки қорыта шешім айтады. Мұндай толғаулардан жыраудың өзіндік «мені» де бой көрсетеді. Өмір көрінісін, болмысты, сол дәуірде өткен оқиғаны, әрекетті айтып, оған жырау өз қатынасын, көзқарасын, пікірін көрсететін бағзы дәстүр XV – XVIII ғасыр поэзиясында негізінен сақтала тұрса да, толғаулардың ой, мазмұн жүйесі – композициялық құрылысы ғасырлар өткен сайын күрделене түскен. Біршама мысалдар келтірсек:

I. Қазтуған
*«Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайтын жүрісті,
Адырнасы шай жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайлаған қасты орданың сырығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршының бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы
Бұлыт болған айды ашқан,
Мұнар болған айды ашқан,
Мұсылман мен көуірдің
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
Сүйіншіұлы Қазтуған!» [8, 25].*

II. Асан қайғы
*«Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойыңды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің [8, 38].*

III. Доспамбет
*«Арғымаққа оқ тиді,
Қыл майқанның түбінен,
Аимадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан.
Зырлап аққан қара қан
Тиылмайды жонның уақ тамырдан,
Сақ етер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты*

*Жарықшылар жоқ па екен
Жарамай білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын,
Жамында бір туғанның жоғынан»*

IV. Ақтамберді жырау:
*Сары аязда қата ма,
Қайнардың аққан тұнығы?
Болаттың асыл сынығы
Халқы тозып кем болмас,
Әділ болса ұлығы [9, 15].*

V. Үмбетей жырау
*«Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағыда – ай!
Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Дөмпеш таудай басы үлкен,
Жасыңда болған сырласың?
Үлкен де болса құрдасың?
Сексеннен аса бергенде
Қайырлмас қаза келгенде
Батырың өлді – Бөгембай!» [8, 85].*

VI. Ер Шобан:
*Саф арғымақ сайланған,
Найзасына жалау байлаған,
Қабардының Биғазы
Жүйрігіне шыдамай
Желіп шықты көк тауға.
Қайт-қайт деймін қайтпайды,
Қайтқанын намыс көргенге ұқсайды.*

Алдыңғы бес жол жыраудың әрекетті суреттеуі, соңғы екі жол өз ойы. Сондай-ақ Бұқардың «Асқар таудың өлгені», «Жал құйрығы қаба деп» толғаулары да осы іспеттес.

Бірқатар толғауларда ақын, жырау өзі туралы мәлімет береді, не өзінің шабыт-дарынын, ата-тегін, т.б. деректермен таныстырады. Бұлар – ақпа-төкпе ақын, жыраулардың шабыты қозып, рухы көтеріліп, қанаттана түскен сәттерінде туатын жыр жолдары, әрі тыңдаушымен арадағы қатынасты нығайтып, ерекше әсерге бөлеп баурай түсудің көне дәуірден келе жатқан тиімді тәсілі. Мысалы, Бұхар: «Шашырап шыққан қандар көп, шашау жатқан малдар көп, қайсы бірін айтайын, айта берсем сөздер көп», – деп бастап барып, әрі қарай өрбіте түседі. Ал, Шал ақын: «Домбыра қолда қарағай, қолға да оны алған соң, жүйрік туған ағаңыз, арыдан бері тербетер», – дейді. Мұндай мысалдар көп. Толғау арасында кездесетін ақын, жыраудың өзі туралы тебіренісі кейде толғаудың басында, кейде орта жерінде, не аяғында да келеді.

Жыраулар поэзиясының композициялық құрылысындағы бір ерекшелік – жыр жолдарындағы сөздердің, не басқы буындардың қайталанып келуі. Асан Қайғы: «Ұсар ма, билер, ұсар ма?», Қазтуған: «Алаң да, алаң, алаң жұрт», «салп-салпыншақ анау үш өзен», Шалкиіз: «Алп, алп басқан, алп басқан», «Ор, ор қоян, ор қоян», «Ау, бөрілер, бөрілер», «Алып, алып ал сақын», «Асқар, асқар, асқар тау», Доспамбет: «Сіреу, сіреу, сіреу қар», «Тоғай, тоғай, тоғай су», Ер Шобан: «Ол тұрысқан, тұрысқан» Жиёмбет: «Ей, қыңыр ер, қыңыр ер», Ақтамберді: «Көк көгершін, көгершін», «Бұлан да, бұлан, бұлан сан», «Жел, жел есер, жел есер», Бұқар: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әй, заман-ай, заман-ай», «Ай, айтамын, айтамын», фольклор: «Бала, бала, бала деп», «Ерте, ерте, ертеде», Махамбет: «Ау, қызғыш құс, қызғыш құс», «Уа, Иса-еке, Иса-еке», «Міткен де, міткен, міткен ер», «Мұнар да мұнар, мұнар күн», «Аймақ та аймақ, аймақ көл», «Мен, мен едім, мен едім» т.б. Мұндай қайталаулар көбінесе толғаудың, яки шумақтың басқы тармақтарында кездесуі. Қайталаулардың бірқатарында жырау бір нәрсеге яки құбылысқа тыңдаушы назарын ерекше аударып, сосын барып, ол туралы өз толғамын ағытады. Жыр жолдарындағы сөздер мен буындардың қайталанып келуі жыраулар мұрасынан өнеге алған XIX, XX ғасыр басындағы, тіпті қазіргі халық ақындары шығармаларында да кездесуі.

Осымен қатар жыраулар поэзиясы дәстүрлерінің бірі адамның әрбір кезеңін бейнелеп суреттеу. Жас қартаймақ көрі өлмек. Осыған орай «Жиырма бесті», «сексенді», «тоқсанды» жырламаған ақын кемде-кем болар.

Қызды ауылды көргенде,
Бұлаңдатқан жиырма бес.
Төскейден қашқан түлкідей,
Сылаңдатқан жиырма бес.
(Бұқар жыраудан)

Жиырма деген жасым-ай,
Көлге біткен **құрақтай.**
Отыз деген жасым-ай,
Таудан аққан **бұлақтай.**
(Шал Құлекеұлынан)

Қайда кеттің **жиырма бес,**
Тастан шыққан **бұлақтай?**
Жиырма бес бар ма маңайда?
Жайқалған жасыл құрақтай.
(Дулат Бабатайұлынан)

Шаншатұғын **найзадай,**
Қылтың еткен **жиырма бес.**
Шабатұғын **қылыштай,**
Жылтың еткен **жиырма бес...**
(Шернияз Жарылғасынұлынан)

Екі ауылдың арасын
Қиқулатқан жиырма бес
Бұғалықсыз асауды
Құр-құрлатқан жиырма бес.
(Базар жыраудан)

Осы сияқты отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан жасқа дейін созып ақындар адамның әрбір кезеңін бейнелеп суреттейді. Ақырында:

Сексен деген жасыңыз
Қараңғы тұман, түн екен.
Тоқсан деген жасыңда
Ажалдан басқа жоқ екен.
(Бұқар)

Сексен деген жасыңыз
Қазулы тұрған көр екен.
Тоқсан деген жасыңда
Өлімнен басқа жоқ екен.
(Шал Құлекеұлынан) [9, 152]

Мұндай мысалдарды тағы да көп табуға болады. Дәстүрге, дағдыға айналған сабақтастық деген осы. Жалпы жаңашылдық бұрынғы қалыптасқан дәстүрді игеру арқылы жүзеге асады, яғни жаңашылдық дәстүрдің перзенті іспетті. Әрине, дәстүрмен ғана шектеліп қалуға болмайды, онда әдебиет дамымайды, классикалық үлгілерге табан тірей отырып, жаңашылдыққа бет бұру, жаңа ізденістер жасау қажет.

Өлденеше ғасырлық тарихы бар көне қазақ әдебиетінің толыққанды шежіресін жасап шығу – болашақтың ісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Күлтегін. – Алматы, 1986. – 80 б.
2. Ақсауыт. – Алматы, 1997. – 366 б.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984. – 271 б.
4. Өмірәлиев Қ. ХҮ–ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.
5. Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен. – Ч. III. Киргизские наречия Сп., 1870. – С 102.
6. Ғабдулла М. Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары. – Орынбор.
7. Сейфуллин С. Шығармалар. Т. 6. – Алматы, 1964. – 193 б.
8. Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006. – 264 б.
9. Сыдықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: «Рауан», 1992. – 80 б.